

КЕЛІСІЛДІ

«Сарыарқа дарыны»
БҚББ АҒПО басшысы
_____ Н.Ашыкбаев
«___» _____ 2023 жыл

КЕЛІСІЛДІ

Қарағанды қаласы
білім бөлімінің басшысы
_____ Е. Әшім
«___» _____ 2023 жыл

БЕКІТЕМІН

№1 БКМ директоры
_____ Г. Калышева
«___» _____ 2023 жыл

**Қарағанды облысы түзету мектеп-интернаттарының ерекше білім беруді
қажет ететін балаларға арналған «Семицветик» облыстық сурет
байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қарағанды облысы түзету мектеп-интернаттарының ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін «Семицветик» облыстық сурет байқауының мақсаты мен міндеттерін, байқауды өткізу тәртібін, өлшем бағамдары, жеңімпаздарды марапаттауды анықтайды.

1.2. Байқау бірлесіп келісілген жұмыс жоспары бойынша өткізіледі: «Сарыарқа дарыны» БҚББ АҒПО, Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК

1.3. «Сарыарқа дарыны» БҚББ АҒПО қолдауымен Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК байқауды ұйымдастырушы болып табылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты:

– ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мәселесіне қоғамның назарын аудару;

2.2. Байқаудың міндеттері:

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың проблемаларына қоғамның назарын аудару;

- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік-мәдени өмірге тарту;

– белсенді шығармашылық әрекетке бейім ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды анықтау;

– ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шығармашылық мүмкіндік ауқымын кеңейту;

– ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сезімін, шығармашылық көріністе өз ойларын білдіру, қабілетін дамыту.

3. Байқауға қатысушылар

3.1 Байқауға 6-дан 18 жасқа дейінгі Қарағанды облысындағы ерекше білім беруді қажет ететін мектеп-интернаттарының балалар қатыса алады.

4. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу

4.1. Қарағанды қаласы «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК базасында **2024 жылдың 7 ақпанында** Қарағанды облысы түзету мектеп-интернаттарының ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін «Семицветик» облыстық сурет байқауы өтеді;

4.2. Байқауға қатысу үшін **2024 жылдың 1 ақпанына** дейін (қоса есептегенде) білім ұйымы басшысының қолымен e-mail: mail: konkurs_art_school@mail.ru өтінім тапсыру қажет;

4.3 Байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне міндетті түрде көрсетілген өтінім-анкетасын тапсырады; байқаудың атауы; білім беру ұйымының толық атауы; аймақ, оқушының аты, фамилиясы; оқушының жасы (толық жасы); жұмыстың атауы; орындау техникасы, жетекшінің аты, тегі, әкесінің аты (толық); жетекшінің байланыс дерегі және білім беру ұйымының E-mail (1 Қосымша).

4.4. **2024 жылдың 5 ақпанына дейін** мына мекен-жайда жұмыстар қабылданады: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 19 (2 қабат), №1 БКМ.

4.5. **2024 жылдың 9 ақпанында сағат 10.00. нан 17.00 дейін** БКМ жұмыстарды алып кету керек.

4.6. Барлық сұрақтар бойынша «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 19 (2 қабат, Тел/факс: 8(7212) 42-42-54) ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады.

5. Талаптар мен бағалау өлшемдері

Әрбір қатысушы білу керек:

5.1. Байқауға **2024 жылдың 1 ақпанынан** кешіктірмей «**Мамандықтар әлемі**» тақырыбында шығармашылық композицияны тапсыру. Тақырыпты шешу аясында өзіңіздің болашақ мамандығыңызды, менің отбасымның мамандығын, айналамыздағы мамандықтарды, болашақ мамандықтарды бейнелеуге болады.

5.2 Композиция А-3 (А-3, А-4), форматынан аспайтын қағазда орындалуы керек, жұмыстың паспорты, рамкасы және т.б. ресімделмеген болуы шарт;

5.3 Жұмысты орындау техникасы – ұсынылған тізімнен қатысушылардың таңдауы бойынша: гуашь, акварель, түрлі-түсті қарындаштар, фломастер, гельді қаламдар;

5.4 Байқау жұмыстары **2023-2024** оқу жылында орындалған болуы керек, басқа автор жұмысының бір бөлігі немесе көшірмесі, оқулықтың немесе қима үлгі болмауы керек;

5.5 Жұмыс берілген тақырыптың талаптарына сай келмесе: «**Мамандықтар әлемі**», жұмыс қаралмайды. Әр ұйымнан - 5 жұмыстан аспауы керек, әр автордан – 1 жұмыстан артық емес, бір педагогтың жетекшілігімен;

5.6 **Этикетка** жұмыстың алдыңғы жағының төменгі оң жақ бұрышында жапсырылуы керек: қатысушының аты және фамилиясы; жасы (толық жас); жұмыстың атауы; жетекшінің ТАӘ; білім беру ұйымының атауы. Word фортындағы құжат, шрифт TimesNewRoman кегль 14 (өлшем), аралық

интервал – бірыңғай . Этикетканың өлшемі: 7 см көлденеңнен, 6 см ұзындығы (плюс 1,5 см бекіту үшін) (2 Қосымша);

5.7. Этикетка жұмыстың ішкі жағына алдыңғы жағында көрінетін етіп, желімделеді.

5.8. «Мамандықтар әлемі» облыстық байқауына қатысу үшін өтінімді қатаң түрде үлгі бойынша толтыру қажет. Үлгіге сәйкес келмейтін өтінімдер қабылданбайды.

Байқау өлшемдері:

- Тақырыпты ашу;
- шығармашылық орындау деңгейі;
- композициялық шешім(бейнелеу жазықтығын ұйымдастыру);
- түрлі-түсті шешім;
- ойдың күрделілігі.

6. Байқауды қорытындылау

6.1.Облыстық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылық жасау үшін қазылар алқасының құрамын бекітеді,байқаудың бағдарламасын құрастыратын, қорытындысын шығаратын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.2. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасы 5-тармақтың талаптарына сәйкес бағалайды

6.3. Байқаудың қорытындысы хаттамамен ресімделіп, қазылар алқасының қолымен расталады.

6.4. Барлық байқау қатысушыларына сертификаттар табысталады, қазылар алқасы мүшелерінен ең жоғары ұпай алған автор жұмыстарына I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.Жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар табысталады.

6.5. Қазылар алқасы Байқаудың номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

Байқау нәтижесі **2024 жылдың 9 ақпанда** өтінімде көрсетілген электронды мекен-жайларында жарияланатын болады.

Шығармашылық жұмыстарды қайтару, байқауға қатысушылардың есебінен жүзеге асырылады.

Мерзім өткеннен соң жұмыстың сақталуына ұйымдастыру комитеті жауапты болмайды.

1 Қосымша
Үлгі

**«Семицветик» облыстық байқауға қатысу үшін
өтінім-анкета**

(білім беру ұйымының толық атауы)

№ к/с	Оқушының ТАӘ	Оқушының жасы	Жұмыстың аты	Орындау техникасы	Педагогтың ТАӘ	Жетекшімен байланыс дерегі (ұялы телефон)
1	Петренко Екатерина	8 жас	«Менің сүйікті мамандығым»	Қағаз, гуашь	Сергеева Анна Ивановна	Жұмыс тел. 8 (7213)55555 Ұялы тел. 8 777 555 45 55.

Білім беру ұйымының e-mail : _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы

ФАӘ және орындаушының байланыс телефоны _____

2 Қосымша

Этикетка

Петренко Екатерина 8 жас,
«Менің сүйікті мамандығым»
Жетек. Сергеева Анна Ивановна
Қарағанды қ. «№1 БКМ» КМҚК